

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Алматы қ.

№15

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі, Жарғы негізінде әрекет ететін Басшысы Адырбеков Дулат Темиргалиевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "ФАРМАЛАБ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Емишев Бауржан Елеусинович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2022-01-24» жыл № 6607678-ЗЦП1 «Бағалы ұсыныстарға сұраным» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 008--142 Дәрі-дәрмектер КРЕОН 25000-капсулалар, ЭФИЗОЛ және т. б.;

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 1 380 890.00 (бір миллион үш жүз сексен мың сегіз жүз тоқсан тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Қазынашылықтың аумақтық органында Шарт 008 Қарулы Күштерді медициналық қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасы, 142 Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу ерекшелігі бойынша - 1 380 890.00 (бір миллион үш жүз сексен мың сегіз жүз тоқсан тенге нөл тиын) ҚҚС есепке алмағанда 2022 жылы тіркеуге жатады.

2.3 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.4 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.



## 2.5 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) жүкқұжат
- 3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);
- 4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);
- 5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

## 3 Тараптардың міндеттемелері

### 3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 41 426.70 ((қырық бір мың төрт жүз жиырма алты тенге жетпіс тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 41 426.70 теңгеге тең 3 пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі - веб-портал) растайтын құжаттың көшірмесін орналастыра отырып, "ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ, № ККМФКЗ2А , KZ240705012080362001 БСК Тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарна банк шотына кепілдікті ақшалай жарна;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 22-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;



2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

#### **4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

#### **5 Тауарларды жеткізу және құжаттама**

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 4;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;



5) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы №155 бұйрығымен бекітілген Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10947 болып тіркелген) (бұдан әрі - Тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы «СТ-KZ» сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер жеткізілетін қазақстандық тауарлардың көлемі екі және одан көп бірлікті құраса, онда белгіленген үлгідегі түпнұсқасы немесе көшірмесі не жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне тауардың шығарылған елін айқындау, тауардың шыққан жері туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларға сәйкес берілген «СТ-KZ» тауардың шыққан жері туралы сертификаттың уәкілетті ұйым куәландырған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы Тауардың шыққан жері туралы айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіпте Тауардың шыққан жері туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе,

Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он екі) күн ішінде Тапсырыс берушіге Тауардың сапасына қатысты ақаулықтарды растауға қажетті құжаттарды ұсынады. Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды



## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Өзге де шарттар**

12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бқөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.



12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі  
г.Алматы, Турксибский район,  
Красногорская, 35  
БСН 020940005056  
БСК ККМФКZ2А  
ЖСК KZ92070101KSN0000000  
"ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті" РММ  
Тел.: 2901256  
Басшысы Адырбеков Дулат Темиргалиевич

Өнім беруші:

"ФАРМАЛАБ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
г.Алматы, Маметовой, 54  
БСН/ЖСН 100140004274  
БСК HSBKKZKX  
ЖСК KZ70601A861002001981  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 331 01 38  
Бас директор Емишев Бауржан Елеусинович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;  
Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 6607678-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орндар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
008--142 : Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу								Дәрі-дәрмектер КРЕОН 25000-капсулалар, ЭФИЗОЛ және т. б.				



48556527-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Панкреатин	капсулалар	КРЕОН 25000-құрамында минимикросфералары бар, ішекте еритін қабықпен қапталған капсулалар, 300 мг, 0 өлшемді қатты желатинді капсулалар, түссіз мөлдір денесі және мөлдір қызғылт - қызыл қақпағы бар, қоңыр түсті түйіршіктері бар. Белсенді заттар: панкреатин 300 мг, ең аз ферментативті белсенділігі бар: амилаза - 18000 Ед Евро. Ф., липазалар-25000 бірлік Евро. Ф., протеазалар-1000 бірлік Евро. Ф. Қосымша заттар: пеллет ядросы: макрогол 4000, пеллет қабығы: цетил спирті, гипромеллоза фталаты, триэтилцитрат, диметикон 1000, капсула қабығы: желатин, сусыз темір (III) оксиді (E 172), гидратталған темір (III) оксиді (E 172), титан диоксиді (E 171), натрий лаурил сульфаты.	Бума	50	3 470.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	173 500.00
48543708-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Парацетамол, натрий метамизолы, кофеин, фенобарбитал, кодеин фосфат гемигидраты	таблеткалар	ЦИНЕПАР ҚОСЫМША № 100 КЕСТЕ. ЦИНЕПАР ЭКСТРА-бір жағында рискасы бар дөңгелек пішінді ақ түсті таблеткалар. Белсенді зат: цетаминофен (парацетамол) 500 мг, кофеин 65 МГ. Қосымша заттар: жүгері крахмалы, к-30 повидоны, микрокристалды целлюлоза, тазартылған тальк, магний стеараты, сусыз коллоидты кремний диоксиді, натрий кроскармеллозы, метилпарагидроксибензоаты, пропилпарагидроксибензоаты, натрий крахмалы гликолят, жүгері крахмалы (пастаға арналған).	Бума	50	2 489.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	124 450.00



48550199-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Деквалиния хлорид, аскорбин қышқылы	таблеткалар	ЭФИЗОЛ № 20 КЕСТЕ. Д / РАССАС. ЭФИЗОЛ-дөңгелек пішінді, бір жағынан екі жақты ойылған және ойылған қоңыр түсті, какао мен ванилиннің иісі бар, диаметрі шамамен 13.0 ММ таблеткалар. Белсенді зат: деквалиний хлориді 0,25 мг, аскорбин қышқылы 30 мг. Қосымша заттар: глюкоза моногидраты, натрий сахарині, пектин, ванилин, сахароза, какао ұнтағы, лактоза моногидраты, магний стеараты.	Бума	50	1 121.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	56 050.00
48515354-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Натрий хлориді, калий хлориді, натрий цитраты, сусыз глюкоза	ұнтақ	РЕГИДРОН 18,9 Г №20 ПАК. РЕГИДРОН-ішуге арналған ерітінді дайындауға арналған Ақ кристалды ұнтақ. Белсенді зат: калий хлориді 2,5 г, Натрий хлориді 3,5 г, цитрат 2,9 г, сусыз глюкоза 10 г	Бума	50	2 630.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	131 500.00
48345599-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Гель	медициналық, ұйытуға қарсы	Дип Рилиф 100 г гель Дип Рилиф-ментолдың иісі бар, көзге көрінетін бөлшектері жоқ, мөлдір, түссіз жылтыр гель. Полиэтилен бұрандалы қақпағы бар алюминий түтігінде 100 г гель. 1 сықпадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапта. Белсенді заттар: ибупрофен 50 мг, левоментол (ментол) 30 мг. Қосымша заттар: диизопропаноламин, пропиленгликоль, карбомер, денатуратталған этанол 96%, тазартылған су.	Бума	50	1 460.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	73 000.00



48344251-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Гель	медициналық, ұйытуға қарсы	Дип Рилиф 100 г гель Дип Рилиф-ментолдың иісі бар, көзге көрінетін бөлшектері жоқ, мөлдір, түссіз жылтыр гель. Полиэтилен бұрандалы қақпағы бар алюминий түтігінде 100 г гель. 1 сықпадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапта. Белсенді заттар: ибупрофен 50 мг, левоментол (ментол) 30 мг. Қосымша заттар: диизопропаноламин, пропиленгликоль, карбомер, денатуратталған этанол 96%, тазартылған су.	Бума	30	2 333.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (30)	0	69 990.00
48170110-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Гемодериват депротеинизированный	ерітінді	Актовегин-инъекцияға арналған ерітінді. Инфузиялық ерітінді мен инъекцияға арналған ерітінді сәл сарғыш реңкке ие. Түстердің қарқындылығы пайдаланылған бастапқы материалдардың сипаттамаларына байланысты бір партиядан екінші партияға дейін өзгеруі мүмкін, бірақ бұл препараттың белсенділігіне немесе оның төзімділігіне теріс әсер етпейді.	Бума	50	2 980.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	149 000.00
48506435-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Дротаверин	таблеткалар	Бірақ-ШПА - сары түсті, жасыл немесе қызғылт сары түсті, ұзын пішінді, биконвекс беті бар, бір жағында "NOSPA" гравюрасы бар, екінші жағында-ақаулық сызығы, диаметрі шамамен 13 мм, ені шамамен 6 мм, биіктігі шамамен 3.8 мм. Белсенді зат: дротаверин гидрохлориді 80,0 мг. Қосымша заттар: лактоза моногидраты, жүгері крахмалы, повидон, магний стеараты, тальк.	Бума	50	1 140.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	57 000.00



48545447-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Хлоргексидин	сыртқа қолдануға арналған спрей	ЭРБИНОЛ 1% 20 МЛ СЫРТҚЫ СПРЕЙ. ЭРБИНОЛ-түссізден ашық сарыға дейін мөлдір немесе сәл бозаңданатын ерітінді. Белсенді зат: цетаминофен (парацетамол) 500 мг, кофеин 65 тербинафин гидрохлориді 10,08 мг. Қосымша заттар: пропиленгликоль, макрогол 300, этанол 96%, тазартылған су.	Бума	50	1 790.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	89 500.00
48236268-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Алюминий гидроксиді, магний гидроксиді	таблеткалар	Гастал № 30 кесте. Гастал-дөңгелек пішінді, беті тегіс, Ақтан кілегейге дейін, шеттері кесілген таблеткалар. Алюминий фольгадан және поливинилхлоридті үлбірден жасалған пішінді ұяшықты қаптамадағы 6 таблеткадан. 2 немесе 5 немесе 10 пішінді қаптамадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салынған. Белсенді заттар: алюминий гидроксиді - магний карбонаты гель-450 мг, магний гидроксиді-300 мг. Қосымша заттар: маннитол (Е421), сорбитол (Е420), лактоза моногидраты, жүгері крахмалы, натрий цикламаты, сахарин натрий, тальк, магний стеараты, хош иістендіргіш - пеперминт.	Бума	50	943.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	47 150.00



48523956-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Термометр	электронды, мұнай және мұнай өнімдері үшін	Электрондық - электронды, медициналық термометр. мометр (немесе термометр) Өлшеу әдісі: тік ішек, ауызша немесе аксиллярлық. Мүмкіндіктер: қауіпсіз экономикалық модель.	Бума	20	1 700.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (20)	0	34 000.00
48545210-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Тербинафин	крем	ЭКЗИФИН 1% 10 Г ТҮТІКТЕГІ КРЕМ ЭКЗИФИН-ақ түстен сарғышқа дейін, біркелкі консистенцияға дейінгі крем. Белсенді зат: тербинафин гидрохлориді 10 мг. Қосымша заттар: цетил спирті, стеарил спирті, цетилпальмитат, бензил спирті, сорбитан моностеараты, изопропил миристаты, натрий гидроксиді, полисорбат 60, тазартылған су.	Бума	50	1 100.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	55 000.00
48391465-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Лактулоза	сироп	ДУФАЛАК 500 МЛ СИРОП Дуфалак-түссізден ашық сарыға дейін қоңыр түсті реңкпен мөлдір тұтқыр сұйықтық. 500 мл препараттан тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған, бұрандалы полипропилен қақпағы бар құтыларға салынады. Қақпақтың үстіне полипропиленнен жасалған өлшеуіш қақпақ қойылады. Құтыға қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулығы бар заттаңба жапсырылады. Белсенді заттар: сұйық лактулоза 667 г / л.	Бума	50	3 500.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	175 000.00



48391323-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Лактулоза	сироп	ДУФАЛАК 200 МЛ СИРОП Дуфалак-түссізден ашық сарыға дейін қоңыр түсті реңкпен мөлдір тұтқыр сұйықтық. 200 мл препараттан тығыздығы жоғары полиэтиленнен жасалған, бұрандалы полипропилен қақпағы бар құтыларға салынады. Қақпақтың үстіне полипропиленнен жасалған өлшеуіш қақпақ қойылады. Құтыға қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулығы бар заттаңба жапсырылады. Белсенді заттар: сұйық лактулоза 667 г / л.	Бума	50	1 670.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	83 500.00
48235337-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Мақта	стерильді емес, гигроскоптық	Мақта стерильді емес сәби & Сәби 100 г пак. Мақта жүні-мақта-дәке таңғыштарын, компресстерді және т.б. өндіруге арналған бірінші сұрыпты мақта талшығы.	Бума	50	195.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	9 750.00
48540000-ЗЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Флуконазол	капсулалар	ФЛУКОНАЗОЛ-ТК 150 мг №1 капс. ФЛУКОНАЗОЛ-ТК-корпусы қызғылт және қара түсті қақпағы бар, көлемі № 2 қатты желатинді капсулалар (150.00 мг дозалау үшін). Капсулалардың ішіндегісі-түсі Крем түстес ақ немесе ақ ұнтақ. Белсенді зат: флуконазол 150 мг. Қосымша заттар: лактоза моногидраты, картоп крахмалы, медициналық поливинилпирролидон, кальций стеараты. Капсула қабығының құрамы: корпус - титан диоксиді, қызыл пунц, желатин. Қақпағы-қара темір оксиді, желатин.	Бума	100	240.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (100)	0	24 000.00



48393931-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Ингалипт	Аэрозоль	ИНГАЛИПТ-өзекті қолдануға арналған аэрозоль, 30 мл.ашық сарыдан қою сарыға дейін мөлдір сұйықтық, цилиндрден шыққан кезде тимол мен ментолдың тән иісі бар ағын құрайды. Белсенді заттар: натрий сульфаниламиді - 0,750 г, (ерітін стрептоцид), натрий сульфатазол пентагидраты - 0,750 г, эвкалипт майы - 0,015 г, бұрыш жалбыз майы - 0,015 г, тимол - 0,015 г. Қосымша заттар: этанол (95% этил спирті), сахароза (тазартылған қант), глицерин (глицерин), полисорбат-80, тазартылған су, азот.	Бума	50	410.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (50)	0	20 500.00
48504928-3ЦП1	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлерінің Әскери институты" республикалық мемлекеттік мекемесі	Дифенгидрамин гидрохлориді, Нафазолин нитраты	тамшылар	НАФАЗОЛИН-мұрын тамшылары 0,05% және 0,1% 10 мл. мөлдір түссіз немесе сәл сарғыш сұйықтық. Белсенді зат: нафазолин нитраты-0,5 мг (0,05% ерітінді) немесе 1 мг (0,1% ерітінді). Қосымша заттар: бор қышқылы, тазартылған су.	Бума	100	80.00	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	шарт күшіне енген сәттен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде	Алматы қ., Түркісіб ауданы Красногорская 4 (100)	0	8 000.00



## Договор о государственных закупках товаров

г.Алматы

№15

Республиканское государственное учреждение "Военный институт Сухопутных войск имени Сагадата Нурмагамбетова" Министерства обороны Республики Казахстан., именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Руководитель Адырбеков Дулат Темиргалиевич, действующий на основании Устав, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "ФАРМАЛАБ", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Генеральный директор Емишев Бауржан Елеусинович, действующий на основании Устав, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Запрос ценовых предложений» от 2022-01-24 года № 6607678-ЗЦП1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору: по специфике 008--142 Медикаменты КРЕОН 25000 – капсулы,ЭФИЗОЛ и т.д.;

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 1 380 890.00 (один миллион триста восемьдесят тысяч восемьсот девяносто тенге ноль тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, без НДС (далее - сумма Договора).

2.2 В территориальном органе казначейства Договор подлежит регистрации по бюджетной программе 008 Медицинское обеспечение Вооруженных Сил, по специфике 142 Приобретение лекарственных средств и прочих изделий медицинского назначения - на 2022 год 1 380 890.00 (один миллион триста восемьдесят тысяч восемьсот девяносто тенге ноль тиын) без учета НДС.

